


«Ақмола облысы білім басқармасының  
Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі  
Атбасар қаласының №8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ


**ТІЛ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ  
ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ  
ІС – ҚАҒАЗДАРЫ  
2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ**



**ӘБ жетекшісі: Қазымбек И.Қ.**

Бекітемін:  
 №8 жалпы орта білім  
 беретін мектептің  
 директоры  
 Смагулова Р.Н.   
 «31» тамыз 2023 ж




Келісемін:  
 Оқу ісінің меңгерушісі  
 Усембаева А. Б.   
 «31» тамыз 2023

**Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің  
 2023 – 2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

Реті	Жұмыстың түрі	Уақыты	Жауапты
1	Пән бірлестігінің ұйымдастырылуы 2022-023 оқу жылының қорытындысы	тамыз	Бірлестік жетекшісі
2	2023 -2024 оқужылының жұмыс жоспарын бекіту	тамыз	Бірлестік жетекшісі
3	Қазақстан халқының Тілдер мерекесіне арналған онкүндікті өткізу шаралары	қыркүйек	
4	Әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз ету	қыркүйек	Пән мұғалімдері
5	Дарынды оқушыларды анықтау, жұмыс жоспарын жасау	қыркүйек	Пән мұғалімдері
6	ҰБТ-ға дайындықты тексеру	қазан	Бірлестік жетекшісі
7	5 сынып оқушыларының бейімделуі және қиындықтарын анықтау	қазан	Пән мұғалімдері
8	Жазба жұмыстарының орындалуын тексеру	қазан	Бірлестік жетекшісі
9	Мектепшілік пән олимпиадасына әзірлену	қараша	Пән мұғалімдері
10	Бағдарламалық материалдың орындалуы	қараша	Бірлестік жетекшісі
11	9 сынып оқу/ң оқу жетістіктерін бағалау	желтоқсан	Пән мұғалімдері
12	«Әбіш оқулары» 7-11 сын.ар.ғылыми жоба	Желтоқсан	Пән мұғалімдері
13	Аудандық олимпиадаға оқушылар дайындау	желтоқсан	Пән мұғалімдері
14	«Жарқын болашақ» байқауына дайындық	қаңтар	Пән мұғалімдері
15	11 сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындығын байқау	қаңтар	Бірлестік жетекшісі
16	Аудандық семинарларға қатысу	АББ	Пән мұғалімдері
17	Сынып журналдарының толтырылуы, баға қоры ,жазба жұмыстарының өткізілуі	үнемі	Бірлестік жетекшісі
18	Қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің атталығына байланысты өтетін іс- шаралар жоспарын құру	қаңтар	Пән мұғалімдері
19	Нашар үлгерушілермен, тоқсанда бір сабақтан «3» бағасы шыққандармен жұмыс	тоқсан сайын	Бірлестік жетекшісі

20	9 сыныптардың мемлекеттік емтиханға дайындық деңгейін бақылау	ақпан	Пән мұғалімдері
21	«Мәшһүр Жүсіп оқулары» Республикалық байқауға дайындық 7-11 сын.ар	ақпан	Пән мұғалімдері
22	Аттестациядан өтетін мұғалімдер жұмысын қадағалау	ақпан	Бірлестік жетекшісі
23	Қ.Бітібаева олимпиадасына дайындық	ақпан	Пән мұғалімдері
24	«Ілияс Есенберлин оқулары» дайындық 7-11 сын.ар	ақпан	Бірлестік жетекшісі
25	«Мұқағали Мақатаев оқулары» 7-11 сын.ар	наурыз	Пән мұғалімдері
26	«Мағжан Жұмабаев оқулары» 7-11 сын.ар аудандық ғылыми жоба	наурыз	Пән мұғалімдері
27	«Абай, Махамбет оқулары» 8-11 сын.ар	наурыз	Пән мұғалімдері
28	Емтиханға материалдар дайындау	сәуір	Пән мұғалімдері
29	«Тіл дарыны» байқауы 8-11 сын.ар	сәуір	Пән мұғалімдері
30	Бағдарламалық материалдардың орындалуы	мамыр	Бірлестік жетекшісі
31	9-11 сыныптарының мемлекеттік қазақ тілінен емтиханға дайындықты жүйелі ұйымдастыру	мамыр	Бірлестік жетекшісі
32	Жылдық қорытынды, бірлестіктің есебі	мамыр	Бірлестік жетекшісі

Әдістемелік бірлестік жетекшісі:  Қазымбек И.Қ.

**№8 орта мектебінің тіл мұғалімдерінің  
әдістемелік бірлестігі отырысының  
№1 хаттамасы  
28.08.2023 ж.**

**Мұғалімдер саны: 5**

Қатысқан : 5

Күн тәртібінде:

1. 2023 - 2024 оқу жылына ҚР жалпы білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
2. 2023 - 2024 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын бекіту
3. 2023 – 2024 оқу жылына арналған тақырыптық күнтізбе жоспарын бекіту
4. «Инновациялық технологиялардың мектептегі білім сапасын арттырудағы маңызы» атты баяндама (Қазымбек И.Қ.)
5. Қазақстан Республикасының Тілдері күніне арналған онкүндік жоспарымен таныстыру

**Тыңдалды:**

\* Оқу ісінің меңгерушісі Усембаева Амина Болатбаевна 2023- 2024 оқу жылына ҚР жалпы білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды.

\* Жаңа 2023 - 2024 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары талқыланды.

• 2023 - 2024 оқу жылына тақырыптық күнтізбе жоспарын бекіту барысы пысықталды

**Шешімі:**

1. 2023 - 2024 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын бекітілсін
2. 2023 - 2024 оқу жылына тақырыптық күнтізбе жоспарын бекітілсін


**Тыңдалды:**

Екінші мәселе бойынша, Қазымбек И.Қ. «Инновациялық технологиялардың мектептегі білім сапасын арттырудағы маңызы» атты баяндама жасады. Өзінің іс - тәжірибесінде күнделікті сабақтарда қолданатын әдістерін айтып өтті. Баяндама бойынша сұрақтар қойылып, оны талқылады.

Мәжілістің соңында Тілдер күніне арналған апталыққа жоспар құрылды. Оған әр сынып жетекшісі өз сыныбында мерекеге арналған сынып сағаттарын өткізуді ұйғарды.

**Шешімі:**

1. Жоспарға сай іс - шаралар уақытында өткізілуі әр сынып жетекшісіне жүктелсін.
2. Осы шешімнің орындалуы әдістеме бірлестігінің жетекшісі И.Қазымбекке жүктелсін.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі:  Қазымбек И.Қ.

**№8 жалпы орта білім беретін мектебінің тіл мұғалімдерінің  
әдістемелік бірлестік отырысының  
№2 хаттамасы  
31.10.2023 ж.**

**Қаралатын мәселелер:**

1. I-тоқсан бойынша қорытынды жасау (Әр мұғалім)
2. Біліктілікті арттыру курстарынан өткен мұғалімдерінің есебін тыңдау
3. Мұғалімнің шығармашылық тақырыбы бойынша баяндама.
4. Қазақ тілі апталығына жоспар жасау

**Тыңдалды:**

Пән бірлестік жетекшісі И.Қазымбек сыныптар арасындағы I тоқсан қорытындысымен таныстырды. (сыныптардан алынған жазба жұмыстарының қорытындысын баяндады. Мұғалімдердің жылдық сабақ жоспары, жылдық тәрбие жоспары, күнтізбелік жоспары, оқушылардың тасымалы, мұғалім парфоліосы қаралды). I -тоқсан қорытындысына талдау жасалды. Қазақ тілі мен әдебиеті апталығы іс –шараларын өткізу жоспарын талқыланып, түсіндірілді. Тәжірибе алмасу.Лесон Стади командасы құрылып, жоспар жасалды.

Бақылау жұмыстарының алыну сапасына көңіл бөлініп, жақсарту жолдары қарастырылды. Бірлестік жұмыстарындағы жұмыс жоспарының орындалуына көп көңіл бөлінді.


Ынтасы төмен оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру, ата –аналармен қатынасып отыру керектігі тапсырылды.Сыныптардың сапа көрсеткіштерін жақсартуға ат салысу міндеттелді. Пәндер бойынша үлгермеуші, үлгерімі төмен шыққан оқушылармен жеке жұмыстар ұйымдастырылып, нәтижеге жұмыс істеу жүктелді. Барлық пәндер бойынша тест жұмыстарын жүргізу керектігі айтылды. Сабақтар сапалы да, заман талабына сай деңгейде өтілуін қадағалау тапсырылды және міндеттеді .

2.Мұғалім арасында жаңа технологияны пайдалануда көпшілігі СТО – ны, диалогтік оқытуды қолдану арқылы сабақтарын өткізеді.

3.Шығармашылық тақырыпты таңдау барысында көптеген көмектер әкімшілік тарапынан көрсетілді. Жұмыс өтілі жоғары мұғалімдер өз тәжірибесімен бөлісті және шығармашылық тақырыппен қалай жұмыстану керектігін айтты. 4-інші мәселе бойынша жоспар құрылып бекітілді.

**Шешімі:**

1. Барлық оқушылар I-тоқсаннан II-тоқсанға өткізілсін.
2. Күнделікті сабақта ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану жүргізілсін.
3. Біліктіліктен өткен мұғалімдердің сабақтарына кіріп, тәжірибе алмасу қажет.
4. Оқушылардың көркем жазуы қатаң қадағалансын.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі:  И.Қазымбек.

**№8 орта мектебінің қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімдерінің  
әдістемелік бірлестігінің  
№3 хаттамасы  
04.01.2024 ж.**

**Көтерілетін мәселелер:**

1. Жарты жылдық қорытынды бойынша ӘБ-дегі әр мұғалім есебі
2. ҰБТ – ге дайындық туралы ұсыныстармен таныстыру (Усембаева А.Б.)
3. «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында интерактивті технологияны қолдану арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру» (*LearningApps service*) атты баяндама (Қазымбек И.Қ)
4. II – тоқсан бойынша қорытынды жасау (ӘБ-дегі әр мұғалім есебі)

**Тыңдалды:** Жарты жылдық қорытындысы бойынша әр мұғалім өз оқушыларының жетістіктеріне тоқталып, жүлделі орынға ие бола алмаған балалардың жіберген қателеріне айтумен қатар, сол оқылдықтарды жою барысында қандай жұмыс атқарылып жатқандығына айтты.

Усембаева Амина Болатаевна I – сынып оқушыларының тестілеу кезіндегі іс – әрекеттері туралы, алған ұпайлары туралы айтып, қандай бағытта жұмыс істеу керек екендігін тілге тиек етті.

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Қазымбек И.Қ баяндама оқып, өз сабақтарында қолданатын жаңа әдіс-тәсілдерді айтумен қатар, жаңа бағдарламаны қалай тиімді қолдану керек екендігін әңгімеледі.

Пән бірлестік жетекшісі Қазымбек И.Қ сыныптар арасындағы II тоқсан қорытындысымен таныстырды. (сыныптардан алынған жазба жұмыстарының қорытындысын баяндады. Мұғалімдердің жылдық сабақ жоспары, жылдық тәрбие жоспары және басқа да іс қағаздары қаралды).

Бақылау жұмыстарының алыну сапасына көңіл бөлініп, жақсарту жолдары қарастырылды. Бірлестік жұмыстарындағы жұмыс жоспарының орындалуына көп көңіл бөлінді.

Ынтасы төмен оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру, ата – аналармен қатынасып отыру керектігі тапсырылды. Сыныптардың сапа көрсеткіштерін жақсартуға ат салысу міндеттелді. Пәндер бойынша үлгермеуші, үлгерімі төмен шыққан оқушылармен жеке жұмыстар ұйымдастырылып, нәтижеге жұмыс істеу жүктелді.

1. Барлық пәндер бойынша тест жұмыстарын жүргізу керектігі айтылды. Сабақтар сапалы да, заман талабына сай деңгейде өтілуін талап етті, және мұғалімдерді міндеттеді.


2. Мұғалім арасында жаңа технологияны пайдалануда көпшілігі СТО – ны қолдану арқылы сабақтарын өткізеді және басқа да білім платформаларын қолдану керектігі айтылды.

3. Шығармашылық тақырыпты таңдау барысында көптеген көмектер әкімшілік тарапынан көрсетілді. Жұмыс өтілі жоғары мұғалімдер өз тәжірибесімен бөлісті және шығармашылық тақырыппен қалай жұмыстану керектігін айтты. 4 – інші мәселе бойынша жоспар құрылып бекітілді.

**Шешімі:**

1. Барлық оқушылар II – тоқсаннан III – тоқсанға өткізілсін.
2. Күнделікті сабақта жаңа технологияларды тиімді пайдалану жүзеге асырылсын.
3. Біліктіліктен өткен мұғалімдердің сабақтарына кіріп, тәжірибе алмасу қажет.
4. Оқушылардың көркем жазуы қатаң қадағалансын.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі:



И.Қазымбек

**№8 орта мектебінің қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімдерінің  
әдістемелік бірлестігінің**

**№4 хаттамасы**

**28.03.2024 ж**

**Көтерілетін мәселелер:**

1. Аттестацияға құжаттар рәсімдеу ережелері мен жұмыстары туралы (И.Қ. Қазымбек)
2. Аудандық, облыстық жетістіктер туралы (И.Қ. Қазымбек)
3. «Әдебиет сабақтарында көркем шығармаларды оқыту және оқушыларды функционалдық сауаттылыққа баулу» атты баяндама (Г.К. Алпысова)
4. III -тоқсан бойынша қорытынды жасау (Әр мұғалім)

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әркім өз ойын ортаға салып, талқылап, қазіргі аттестация жұмыстарына байланысты кеше өткен аудандық отырыстағы ойларын ортаға салды. Сонымен қатар, күнделік кз платформасының толтырылуы жөніндегі мәселелер туралы айтылды. Алдағы аптаның соңына дейін өткен үш оқу жылының күнделік кз-тегі барлық сыныптардың тақырыптары мен бағаларын, БЖБ-лар мен ТЖБ-ларды қарап кем –кетіктерін толықтыру.

Екінші мәселеге келсек осы үшінші тоқсан бойынша біздің оқушылар біраз жетістіктерге жетті. Аудандық олимпиадаға біздің бірлестіктен үш оқушы қатысып, жүлделі орынға ие болды. Олимпиада мен қатар шығармашылық сайыстар мен байқаулардан жүлделер әкелген жеңімпаз оқушылар жөнінде ақпарат айтылды. Және ол мәліметтер мектептің инстаграмм желісінде уақытымен жарияланып отырды.

Үшінші тақырып: Орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі Г.К. Алпысова «Әдебиет сабақтарында көркем шығармаларды оқыту және оқушыларды функционалдық сауаттылыққа баулу» атты баяндама жасады.

Қарқындап дамып келе жатқан жаһандану заманында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – өмір сұранысы. Осы сұраныстың үдесінен шығу үшін қазір мұғалім алдында

\*оқығанын санасында тоқи алатын

\*табысты, әрекетшіл, шешім қабылдай алатын

\*кез келген жағдайға дайын

\*қабілетті әрі өзінің әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлға қалыптасыру міндеті тұр.

«Функционалдық сауаттылық дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы». Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

-белсенділік;

-шығармашылық тұрғыда ойлау;

-сыни ойлау және сын қабылдай білу;

-өз кәсібін дұрыс тандай алу;

-өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.


Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым - қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым - қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым - қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығы.

Төртінші мәселе бойынша әр мұғалім жеке -жеке тоқталып өз сыныптары бойынша оқушылардың үлгерімі мен білім сапсы туралы айтты және өздерінің келер тоқсанға жасап отырған жоспарларымен бөлісті.

**Шешімі:**

1. Аттестацияға дайындық шаралары жалғассын, күнделік кз платформасына толықтыру енгізілсін..
2. Дарынды оқушылармен жұмыс тереңірек жүргізіліп байқауларға қатысатын оқушылар қатары көбейсін.
3. Келесі жылдан бастап ғылыми жобамен айналысу қолға алынсын.
4. Барлық оқушылар III-тоқсаннан IV-тоқсанға өткізілсін.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі:



**И.Қ.Қазымбек**